Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

**«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі**

**Республиканское государственное учреждение «Республиканская средняя специализированная музыкальная школа-интернат для одаренных детей имени Куляш Байсеитовой»**

Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

**ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ**

01.04.2021
дата

**ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ**

№ 23

Алматы қ.

г. Алматы

**Бекітемін:**
**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ Директоры**
**______________ Абдрашев Б.Т.**
**2021ж. «01» 04**

# МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР ҚОЙМАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Әзірлеген: | | | |
| Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі | | Осипов А.А. | |
| Келісілген: | | | |
| Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі | | Мусрепова М.С. | |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы | | Кошкарбаева А.Р. | |
| Кадр бөлімінің инспекторы | | Касенова Р.С. | |
| Заңгер | | Болсамбеков Н.А. | |
| Лауазымы | Қолы | Аты-жөні | Күні |

# МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ........................................ 3
2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ ........................................ 3
3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ ........................................ 4
4. ҚҰҚЫҚТАР ........................................ 4
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ........................................ 5
6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ ........................................ 5
7. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ ........................................ 6

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) музыкалық аспаптар қоймасы меңгерушісінің қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Музыкалық аспаптар қоймасы меңгерушісінің қызметіне басшылықты шаруашылық қызмет меңгерушісі жүзеге асырады.

4. Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы;
2) Жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;
3) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
4) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

## 2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі лауазымына жоғары және (немесе) жоғарыдан кейінгі кәсіптік (музыкалық) білімі немесе орта арнаулы немесе кәсіптік (музыкалық) білімі бар тұлға тағайындалады, оның жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

2. Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі төмендегілерді білуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
3) Бала құқығы туралы Конвенцияны;
4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Бала құқықтары туралы» Заңдарын;
5) музыкалық аспатарды сақтаудың техникалық шарттарын, ережелерін және тәртібін, олардың түрлерін, көлемін, маркасы мен басқа да сапалық сипаттамаларын;
6) қоймалық үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптарды;

7) құқық және еңбекті ғылыми ұйымдастыру, экономика негіздерін;
8) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

## 3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі:

1. Мектептің балансына алынған музыкалық аспаптарды қабылдау, сақтау, беру және есептен шығару бойынша жұмысқа басшылық жасайды;
2. Қойма алаңдарын барынша ұтымды пайдалануды, қажетті музыкалық аспаптарды жылдам әрі жеңіл тауып алу қажеттілігін ескере отырып, оларды орналастыру жұмысын ұйымдастырады;
3. Қоймада сақтау режимдерінің сақталуын қамтамасыз етеді, аспаптарға күтім жасайды, тұрақты қарап тексерулер жүргізеді және қойма үй-жайының ауасын желдетіп тазартуды, алаңын жинап-тазалауды жүзеге асырады;
4. Мектеп басшылығы белгілеген музыкалық аспаптарды ресімдеу тәртібін, оқушыларға дер кезінде беруді және қайтаруды қамтамасыз етеді;
5. Оқушыларға уақытша пайдалануға берілген музыкалық аспаптарды адал және ұқыпты ұстауды педагогтерден және оқушылардан талап етеді;
6. Музыкалық аспаптардың ерекшеліктері мен сипаттамаларын, оларды сақтау ережелері мен тәртібін біледі, аспаптарды жөндейді, жөндеуін ұйымдастырады, шикізат және музыкалық аспаптардың қажетті бөлшектерін сатып алады;
7. Қойма үй-жайы жабдығының бұзылыстары, туындаған қауіп-қатер мен музыкалқ қойманың стандартты емес басқа да жай-күйі және онда сақталатын музыкалық аспаптар туралы мектеп басшылығын дер кезінде хабардар етеді;
8. Аспаптардың бүлінуі немесе бұзылуы туралы актілерді уақытылы әзірлейді;
9. Музыкалық аспаптар қоймасы үй-жайындағы күзет сигнализациясының пультқа берілуін жүзеге асырады;
10. Өртке қарсы құралдардың болуын және жұмысқа жарамдылығын, үй-жайдың, қоймадағы жабдықтар мен инвентарьдың жай-күйін бақылайды және оларды уақтылы жөндеуді қамтамасыз етеді;
11. Материалдық жауапты бухгалтермен бірлесіп, қоймада сақталатын музыкалық аспаптарды түгендеуге қатысады;
12. Қойма операцияларының, белгіленген есептіліктің есебін жүргізуге қатысады;
13. Ұйымдастырушылық қабілеттері бар, IT сауаттылықты меңгерген;
14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптары орындалуын қамтмасыз етеді;
15. Еңбек тәртібін, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын сақтайды;

16. Оқушылар және педагог арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сіңіреді.

## 4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Музыкалық аспаптар қоймасы меңгерушісінің мынадай құқықтары бар:
1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
2) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
3) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
4) Музыкалық аспаптар қоймасы меңгерушісінің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.
5) Мектеп педагогтері мен оқушылары музыкалық аспаптарды пайдалану және сақтау қағидалары мен талаптарын орындамаған жағдайда аспапты алу және кейінгі сақтауға қоймаға қайтару туралы шешім қабылдауға құқылы.

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Музыкалық аспаптар қоймасының меңгерушісі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:
1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін;
2) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;
3) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;
2. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте оқушылардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Білім алушының тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелеу әдістері қолданылғаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| Тіркеу нөмірі | Тіркеу күні | Өзгерістер | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № р/с | Құжатпен танысқан адамның аты-жөні | Лауазымы | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Осипов Д. А. | Муз. аспаптар қоймасының меңгерушісі | [signature] | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |